

УДК 91

**БАЙЗАҚ АУДАНЫНЫҢ АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІНІҢ ДАМУ ГЕОГРАФИЯСЫ**

**Ұланова Мөлдір Ұланқызы**

[avecvousme@gmail.com](mailto:avecvousme@gmail.com)


Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Жаратылыстану ғылымдары факультетінің  
Физикалық және экономикалық география кафедрасының «5В060900-География»  
мамандығының 3 курс студенті. Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – П.ғ.д. профессор А.А.Саипов

**Байзақ ауданы** — Жамбыл облысының оңтүстігіндегі әкімшілік аудан. 1938 ж. құрылған. 1996 жылға дейін Свердлов ауданы болып аталды. Жерінің аумағы 4,5 мың км<sup>2</sup>.

Тұрғыны 87 389 адам (2011). Аудандағы 43 елді мекен, 17 ауылдық әкімшілік округтеріне біріктірілген. Орталығы – **Сарыкемер ауылы**.

Аудан жерінің басым көпшілігі жазық, тек оңтүстігінде ғана Қырғыз Алатауының тау алды аласа қыраттары мен қырқалары орналасқан. Ауданның ең биік жері оңтүстігінде (1637 м). Солтүстігінде Мойынқұмның қырқалы-ұялы және шағылды құмды алқабы, орта бөлігінде Талас өзенінің аңғары жатыр. Жер қойнауынан фосфорит кені, құрылыс материалдары барланған. Климаты тым континенттік, қысы біршама жұмсақ, жазы ыстық, қуаң, солтүстігі (Мойынқұм) аңызқты.

Байзақ ауданының картасы



Жамбыл облысының картасы



**Тарихы. Байзақ ауданы** — Жамбыл облысының оңтүстігіндегі әкімшілік аудан. 1938 ж. құрылған. 1996 жылға дейін Свердлов ауданы болып аталды. Ал 1996 жылы ауданға Байзақ батыр Мәмбетұлының құрметіне “Байзақ” атауы берілді.

**Байзақ батыр Мәмбетұлы** 1879 жылы қазіргі Тараз қаласының маңында, заманында Абылай ханның серігі болған, аты, аңызға айналған Мәмбет Құндасұлы батырдың отбасында өмірге келген екен. Мәмбет батырдың сегіз ұлының бірі болған. Байзақ батырдың кіндігінен он жеті ұл тараған. Қазақтың оңтүстігінде Қоған хандылығына және Қарсы ұлысының ұлы азаттық күресі ұйымдастырушы батыр, Тараз аймағында ел отырықшыландыруа купса купса империясының ресей ұлы. Шыққан тегі: Ұлы жүз қырындағы Дулат тайпасы, Шымыр руынан.

Әкімшілік бөлінісі (1-кесте)

Ірі елді мекендері:	
Ауыл аты	Халық саны (2002)
Сарыкемер	16,5 мың
Бурыл	5 мың
Қызыл Жұлдыз	4,6 мың
Түймекент	4,5 мың
Құмжота	3 мың
Байзақ	2,8 мың
Талас	2,5 мың
Кеңес	2,2 мың
Мәдімар	2,1 мың
Жетібай	2 мың

**Климаты.** Байзақ ауданының климатының ерекшелігі болып жылдам континентальды болып табылады, яғни теператураның аса жылдам өзгеруінен, қыстан жазға тез өтуінен, атмосфералық жауын-шашынның аздығынан және ауаның құрғақ болуынан

байқалады. Аудан территориясындағы агроклиматтық жағдайлардың әртүрлілігін биік таулар мен жазықтықтардың үйлесімділігі байқатады. Аудан 2-ыстық құрғақ агроклиматтық аудан Байзақ ауданы территориясының аз ғана бөлігін алып жатыр, яғни Талас өзеннің оңтүстік-батыс жағалауы және темір жолдың солтүстік жағындағы сызық. Пайдалы температура қосындысы 3500-37000С шамасында, гидротермиялық коэффициент 0,3-0,5. Климаты салыстырмалы суық емес қысы және ыстық жазымен ерекшеленеді. Қаңтар айының орташа наурыз-сәуір айларында келеді. Жылы кезеңдегі жауын-шашын мөлшері 160-180 мм. Ылғалдылығы 30%-дан астам төмен құрғақшылық жылына 120-140 күнді құрайды.

**Топырағы.** Байзақ ауданының территориясы Қазақстан жер қорын табиғи-ауыл шаруашылық аудандастыру схемасына байланысты екі аймақта жатыр. Зерттелген территорияның орталық және оңтүстік –шығыс бөлігі Солтүстік Тянь-Шань округі (IX-2) Орта Азиялық таулы облысқа жатады. Солтүстік және оңтүстік-батыс бөлігі Батыс-Қаратау-Қырғыз (VI-I-2) Оңтүстік Қазақстан провинциясының (VI-1) тау етегі–шөлді–далалық аймағы орналасқан. Топырақ қабатының түзілуі құрғақ ыстық ұзақ жазымен, ауа құрғақшылығымен, жауын-шашын мөлшерінің аздығымен, яғни жылдам континенталды климатымен сипатталады. Топырақ қабатының түзілуіне бұл жердің климаты септігін тигізеді. Абсолютті көрсеткіштердің көтерілуіне байланысты ылғалдылық артып, температура төмендейді, климаттық жағдай топырақтың түзілу процесстеріне өте тиімді болады және гумус мөлшері жоғарлайды. Таулы және тау етегі – шөлді – далалық аймақтың топырақ қабаты 4 түрлі топырақ аймағына бөлінеді: кара-қызғылт, ашық-қызғылт, солтүстік кәдімгі сұр топырақтар және солтүстік ашық сұр топырақтар.

#### **Ауыл шаруашылығына жалпы сипаттама**

Ауыл шаруашылығына жарамды жерінің жалпы аумағы 411,2 мың га, оның ішінде жыртылған жері 63,8 мың га. Ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жердің жалпы аумағы 332,6 мың га, оның 69,5 мың га-сы шаруа қожалықтарына берілген. Жан басына шаққанда 1 адамға 5,9 га жерден келеді. Аудан аумағындағы шабындықтың аум. 6,6 мың га, жайылымы 339,3 мың га. Ауыл шаруашылығындағы бүкіл жыртылған жердің (63,8 мың га), басым көпшілігіне (54,2%) бидай егілген. Жүгері 1,3 мың га жерді қамтыған. Көкөністер (3,1 мың га) мен майлы дақылдар (1,8 мың га) бүкіл егістіктің 10,7%-ын құрайды. Ауданда одан басқа қант қызылшасы (1124 га), картоп (400 га), жүзімдік (150 га) және жеміс ағаштары (166 га) отырғызылған.

#### **Ауыл шаруашылығына әсер етуші факторлар:**

1. Байзақ ауданының аумағы төрт агроклиматтық белдеуде орналасқан. Алайда, мәні бойынша, олардың барлығы құрғақ аймақтарға бірдей қарайды. Облыстың солтүстік бөлігі өте құрғақ, орталық бөлігі құрғақ және ыстық, оңтүстік бөлігі өте құрғақ тау етегі аймағында орналасқан. Мұндағы климат күрт континенттік, ауа ылғалдылығы төмен, қысы салыстырмалы түрде суық, жазы ыстық және қайтадан құрғақ.

2. Бұл аймақтың бақыты - **су көздері**. Мұнда үлкен Талас өзені ағып жатыр, ірі Қарабақыр, Кеңес-2, Жиеналы, Воинское, Юбилейное, Сарыбалдақ, Шалке, Қарақайнар және т.б. Сондай-ақ үш ондаған кішігірім су қоймалары бар. Ал бұл су қоймаларының барлығы дерлік кәсіптік балық өсіруге қолайлы. Демек, Байзақ ауданы аумағының үштен бірінен астамы ауыл шаруашылығын дамытуға өте қолайлы.

**Мал шаруашылығы**– ауданның басты ауылшаруашылық түрінің бірі. Оның ішінде ең көп қой және жылқы малдары өсіріледі. Одан кейін түйе, сиыр, азды-көпті шошқа асыралынады. 2019 жылмен салыстырғанда 2020 жылымүйізді ірі қараның (46 281 бас) 105,2%, қой мен ешкінің (300 180 бас) 106,0%, жылқының (14765 бас) 110,1% өсуіне қол жеткізілді және құстар (774 413 бас) 108,1% құрап отыр. Аудан бойынша 17 821,6 тонна ет (тірідейсалмақта) 115,4%, 48 033,7 тонна сүт 101,9% және 13 млн. 648,6 мың дана жұмыртқа 100,1% өндірілді. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда мал өнімдерінің барлық түрі артық өндіріліп отыр.

Бүгінде Байзақ өңірінде **ет-сүт саласы** ойдағыдай дамып келеді. Ежелден «Михайловская» сүт өнімдері, «Михайловские шұжықтары» тараздықтардың сұранысына ие. Бұл ретте облыс орталығына жақындық маңызды рөл атқарады. Байзақтықтар қала тұрғындарын жаңа піскен ауылшаруашылық өнімдері – дәмді қаймақ, сүзбе және сүтпен тікелей қамтамасыз етуде. Ауданның облыс орталығына жақындығы оңды тұсы, бұл байзақтықтардың көлік шығындарын үнемдей отырып, қала тұрғындарын жаңа ауылшаруашылық өнімдерімен тікелей қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

**Егін шаруашылығы.** Аудандағы шаруашылықтардың ауыл шаруашылығы мақсатындағы жалпы егістік жер көлемі 55514 гектарды құрайды, оның 26511 га суармалы, 29003 га тәлімі. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында, 2020 жылдың өнімі үшін дәнді және дәнді- бұршақты дақылдарды 16796 гектарға (күздік бидай 5807 га, жаздық арпа 8358 га, дәндік жүгері 2581 га, дәнді бұршақ 50 га), майлы дақылдарды 3190 гектарға, қант қызылшасын 1320 гектарға, картопты 700 гектарға, көкөністерді 6719 гектарға, бақшаны 2358 гектарға және мал азықтық дақылдарды 24420 гектарға, ауыл шаруашылығы дақылдары барлығы 55503 гектар алқапқа орналастырылды. Сонымен қатар, 5807 га күздік бидай мен 19070 га ескі көп жылдық шөп алып жатыр. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 1969 гектарға артты.

#### **Жерді тамшылап және қолдан суару технологиялары.**

Қазақстанда кеңінен қолданылатын мелиоративтік шара - **жерді қолдан суару**. Оның негізгі мақсаты ылғалы тапшы аймақтарда ауылшаруашылық өсімдіктерін сумен қамтамасыз ету, су беру арқылы топырақты жасанды ылғалдандыру. Жаңбырлатып суарғанда еңбек өнімділігі 4-5 есе жоғарылайды, су өте тиімді пайдаланылады. Бұл тәсілдің суды ағызып немесе жайып суарумен салыстырғанда, мынадай артықшылығы бар: егістікте арықтарды жиі қазудың қажеті болмайды, бұл жер өңдейтін агрегаттардың жүруін жеңілдетеді, суды үнемдеп, мөлшерлеп беруге болады, әсіресе топырақ құмдауыт болып келгенде, су орынсыз ысырап болмайды. Осындай егін шаруашылығында жаңбырлатып суару технологиясын тиімді пайдаланып отырған Суханбай ауылдық округіндегі диқандар құбырлар арқылы фертигация әдісін, яғни тыңайтқыштарды суға қосып қолдануға болатындығын да ескерген. Соңғы жылдары ауданда шаруашылықтар **жаңа технологиялар енгізу** жұмыстарын қарқынды қолға алуда. Мәселен, ауданның агроқұрылымдары тамшылатып суғару технологиясын 2019 жылы 1346 га алқапқа енгізсе, 2020 жылы бұл көлем 3032 гектарды құрады. Су үнемдеу технологиясын қолданған шаруашылықтар, дәстүрлі тәсілмен салыстырғанда өнімді екі есеге дейін артық алуда.

**Гидропоника** - өсімдіктерді топырақсыз, жасанды ортада, яғни қоректік заттардың судағы ерітіндісінде өсіру әдісі. Мейлінше қысқа мерзімде құнарлы, әрі мол өнім береді. Ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында Байзақ ауданы Мырзатай ауылдық округінде орналасқан "Мадияр" шаруа қожалығы гидропонды жасыл жем өндіру жобасын қолға алды.

**Жылыжай шаруашылығы.** Аудан көлемінде жылыжай шаруашылықтарын дамыту бойынша бірқатар жұмыстар атқарылып, жыл сайын жылыжайлар саны мен көлемі артуда. Аудан бойынша жалпы көлемі 5,2 гектарды құрайтын 5 жылыжайлар шаруашылығы (оның 2-і өнеркәсіптік және 3-і фермерлік үлгіде) және 0,95 гектарды құрайтын 9 отбасылық жылыжай жұмыс істейді. Бүгінгі күнге аудан бойынша жылыжайлардың жалпы көлемі 6,13 гектарды құрап отыр.

2020 жылдың I- кезеңіне жылыжайларға қияр және қызанақ дақылдары егіліп, 762,3 тонна қияр және 35,5 тонна қызанақ жиналды.

**Құс шаруашылығы.** Байзақ ауданындағы **Көктал ауылдық округіндегі «Алель Агро»** АҚ-ның жұмысы жақсы қарқынмен дамуда. Жылдық қуаты 44 мың тоннаны құрайтын құс фабрикасының жұмысы бүгінде оң жолға қойылған. Қазіргі таңда №12 құс фабрикасында (12 нысан) құрылыс жұмыстары толық аяқталған. Ал №13 құс фабрикасының (12 нысан) құрылысы 95 пайызға аяқталып, жақын арада ашылмақ. Бұл округте тағы №14 фабрика салынып, онда 12 нысан бой көтеруде. Алғашқы №12 құс

өсіру нысаны шілде айында іске қосылыпты. Бірінші этапта 2 құс өсіру нысанына 30 мың балапан орналастырылған. Әкелінген балапандар «Arbor Acres» және «Aviagen кросы» тұқымдары. Екінші этапта тағы 1 құс өсіру нысанына 30 мың балапан жіберіліпті. Барлығы 8 кезеңде, осы жылдың 7 тамызына дейін жалпы саны 300 мың балапан отырғызылған.

**Омарта шаруашылығы.** Байзақ ауданында гүлді-бал өсімдіктері мол ерекше табиғи орындар бар жерде омарта шаруашылығының болашағы зор. Облыста **200-ден астам омарта** бар, олардың құрамында 80 мыңға жуық аралар бар. Алайда омарталардың 60-ы ғана ресми тіркелген. Тіркеу мәселесін шешу үшін мемлекеттік қолдау тетіктері қарастырылғанымен, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту бағдарламасы аясында субсидия төленуде. Жамбыл облысының омарташылары жергілікті атқарушы органдар тарапынан қолдау болса, жылына 500 тоннадан астам бал өндіре алады.

**Бақша шаруашылығы. Үдемелі бақ өсіру бойынша** Туркия елінен келген делегация Жаңатұрмыс және Діқан ауылдық округінде жұмыс сапарымен болды. Ауданға келген жұмыс тобының өкілдері бақтарды аралап, "Ниет" және "Экофрукт" шаруа қожалығының еңбеккерлерімен кездесті. Үдемелі алма плантацияларының негізгі артықшылығы - алғашқы өнім алу мерзімінің қысқа болуында. Ауданда "Ниет" және "Экофрукт" шаруа қожалығы бақ өсіруде белсенділік танытып, алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибелерін пайдалануда. Бұл бақтарда тамшылатып суару технологиясы қолданылады. Алынған өнім бәсекеге қабілетті болғандықтан, еліміздің басқа өңірлерінде де сұранысқа ие болады деп күтілуде. 2021 жылы Үлгілі ауылдық округінде орналасқан "Рахым" шаруа қожалығының егіс алқабында болып, 10 гектар алқаптан қызанақ жинау барысын байқалды.

#### **Агроөнеркәсіп кешпніндегі сақтандыру шаралары мен субсидиялау бағыттары**

Өсімдік шаруашылығын міндетті сақтандыру жүйесі 2004-жылдан бері жұмыс істеп келген болатын. Ал, мына жаңа жүйе одан ерекше болмақ.

1. Біріншіден, **агроөнеркәсіп кешеніндегі сақтандыру енді ерікті түрде болады.**
2. Екіншіден, **салаларға шектеу жоқ.** Аграрлық сектордың кез-келген бағыты сақтандырылады.
3. Үшіншіден, **сақтандыру сыйақыларын мемлекет субсидиялайды.** Бұл ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді ынталандыруға және сақтандыру шартын жеңілдетуге бағытталған.

Сақтандыру сыйақы сомасының 50%-ын мемлекет субсидиялайды. Жаңа жүйеде әлемдік сақтандыру нарығында "А" рейтингі бар үш халықаралық қайта сақтандыру компаниясы жұмыс істейтін болды. Олар отандық компаниялар сақтандыратын тәуекелдерді қайта сақтандырады. Бұл сақтандыру тәуекелдері туындаған жағдайда кепілді төлемдерді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

#### **Субсидиялау бағыттары:**

- асыл тұқымды аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу тауарлық аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу
- қоғамдық табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын асыл тұқымды бұқасын күтіп-бағу
- тауарлық табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын асыл тұқымды бұқасын күтіп-бағу.

**Қорытынды.** Ауданның жер бедері, ауыл шаруашылық дақылдарды егу және жинау, топырақты өңдеу жұмыстарына заманауи техникаларды қолдануға ыңғайлы және мал бағуға өте қолайлы, яғни жер бедері, топырақты механикалық өңдеуге және ауыл шаруашылық дақылдарды өсіруге кедергі жасамайды. Аудандағы ауыл шаруашылығының негізгі саласы егіншілік және мал шаруашылығы. Ауданның негізгі бағыты ет-сүт мал шаруашылығымен қоса астық игеру. Аудан негізінен облыс орталығына жақын орналасқан және темір жол, автомобиль жолдарымен қамтамасыз етілген және басқа аудандармен шектеседі. Байзақ ауданы ауыл шаруашылығы бағытында негізделген, соңғы уақытта аумақта мал шаруашылығы қарқынды дамып келе жатыр. Байзақ ауданының аумағы төрт агроклиматтық

аймақта орналасқан. Ауданның солтүстік бөлігі-өте құрғақ, орталық бөлігі-құрғақ, әрі ыстық, оңтүстік бөлігі-өте құрғақ аймағында тау бөктерінде. Алда Елбасы тапсырған ауылшаруашылық өнімдерінің экспортын ұлғайту мақсаты тұр.

#### **Пайдаланылған әдебиет тізімдері**

1. 2016 жыл басына Қазақстан Республикасы халқының жекелеген этностары бойынша саны. Қазақстан Республикасы Статистика комитеті;
2. Аудан тарихы Мұрағатталған 16 қазанның 2010 жылы;
3. Байзақ ауданының ресми әкімшілік парақшасы (статистика);
4. Жамбыл облысының топономикалық атауларының анықтамалығы
5. Тараз энциклопедиясы;
6. Тараз : Жамбыл облысы энциклопедиясы. Алматы, ISBN 9965-9389-1-1.